

Белгілі жазушы Өмір Кәріп – 75 жаста

ЕЛІМ ДЕП ЕМІРЕНГЕН

Сарыарқа сахарасында есімі кеңінен танымал Өмір Кәріп ақсақал биыл 75 жасқа толып отыр. Ауданымыздағы «Мәдени мұра» аумақтық бағдарламасына орай жазушының мерей тойы аудан орталығында дүбірлеп өтті.

Елдің еңсесі ерлерімен биіктейді. «Үй сыртында төбең божа, ерттеулі атпен тең, көкірегі сара қартың болса, жазылып қалған хатпен тең» демей ме қазақ атамыз. Өмкең жетпістің жуан ортасына келсе де әлі тіп-тік. Жүрісі ширақ. Ақадыр кентінде оқырмандармен, жастармен кездесуге жиі қатысып тұрады.

Айтар ойы мен талғамын саралап, екшеп, әр сөздің дәмін татып, тіліне иіріп, көкейіне қондырып, тыңдаушыларына жеткізу-оның табиғи жаратылысына тән қасиет. Жазған шығармалары дәмді келеді. Әңгіме повестерінің нөрі мол. Оқуға тұщымды. Сәкеннің әкесінің өмірінен алып жазған «Саятшы» хикаяты оқырмандарға кеңінен танымал.

Жазушы ауыл мектебінде жиырма жылдай ұстаздық еткен. Жазушының кейіпкерлері де ауыл адамдары. Демек, ол өз кейіпкерлерінің ортасында. Өмкеңнің қаламынан туған «Бұрқак», «Тайталас» романдары «Сырбел сазы», «Атасының баласы», «Ескі тоған», «Серілер мен перілер», «Тамыздық»

және «Сыбаға» кітаптары оқырмандар қолдарынан түсірмей оқытып шығармалар. Өмір бойы ата қоныс ауылдан ажырамай, туған өлке табиғатын сүйіп, аудан адамдарымен араласып жүрген жазушы олардың арман мұңын, сағынышын, сезімін, махаббатын шығармасына арқау етіп келеді. Кейінгі жазған



шағын мысал әңгімелері жастарға ой салатын, тәлім-тәрбиеге негіз болатын тағылымды шығармалар. Түйіндеп айтар болсақ оқырманы көп жазушы. Тілі шұрайлы, тіл қасандығынан ада. Жазушының қай шығармасын алсаңыз айтар ойы андағайлап тұрады. Сөз саптасы да ерекше. Әр шығармасы адам жанын аялап, сана-сезімге өшпестей жалын тастайды.

Кешті жүргізуші ішкі саясат бөлімінің басшысы Е.Смағұл қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, прозаның ауыр жүгін көтеріп, көркем әдебиетке сүбелі үлес қосқан қалам-

гердің жазушының жайында ат шаптырым зал толы жұртқа келістіре жеткізді. Сөз кезегінде аудан әкімі Р.Әбдікерев жазушыны мерейтойымен құттықтап, иығына оқалы шапан жауып, бағалы сыйлық табыс етті. Өнмен өрілген сазды кеште сазгер Зәрубай Сүйіндікұлы талантты жазушының шығармашылығына тәнті екендігін айта келіп, шығармашылық өміріне табыс тілеп, көркем дүниеңмен көріне бер деп ақжарма тілек тіледі. Ал, ақадырлық әуесқой сазгер Қуанышбек Бектұрсынов ағамыз Өмір Кәріптің сөзіне жазылған «Қараша қаз» өлеңін келістіре орындап, көпшіліктің құрметіне бөленді.

Жазушының жаңа бір қыры өлең жазатындығы. Алаштың ақиық қыраны Ақселеу Сейдімбековке арнаған «Алаштың абызы еді» атты өлеңіне композитор Ысқақ Тәукейұлы әуенін шығарған болатын. Ауданның Құрметті азаматы Өкен Жуасбайұлы жазушыға аудан жұртшылығы атынан шығармашылық табыс тіледі. Қаламының қарымын оқырманы танып, шығармашылық шабыты өрлеп тұрғанда туған халқының қадірлісі атану, қаламгерге қонған бақыт болса керек. Орталық мәдениет үйінде мерейтойына келген аудан жұртшылығына шын пейілімен ризашылығын білдірген қаламы қарымды қаламгер алғысын білдіріп, ағынан жарылды. Оны тыңдау бір ғанибет.

Өз тілшімізден.